

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 10 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

«Бекітемін»
 Медициналық колледжінің директоры
М.А. Отыншиев
 2018ж.



Жұмыс оқу бағдарламасы

Пән: «Емдік дене шынықтыру және медициналық бақылау»
Курс: 4
Мамандығы: 0301000 «Емдеу ісі»
Біліктілігі: 0301013– «Фельдшер».
Сағат саны: 32 сағат
Теория: 8 сағат
Тәжірибе: 24 сағат

Шымкент 2018ж

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 10 беттің 2 беті

Жұмыс оқу бағдарламасы ҚРЖМББС мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД министрлігінің 29.07.2016ж. № 661 бұйрығына сәйкес және ҚР ДС министрінің 5. 08. 2010ж. № 604 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Кафедра мәжілісінде қаралды
 Хаттама №1«14» 08 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к. профессор м.а., Н.А. Н.А. Жаркинбекова

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің
 әдістемелік кеңес мәжіліс бекітілді.
 Хаттама №1«31» 08 2018ж.

Әдістемелік кеңес төрайымы Н.Р. Н.Р. Джуманкулова

Дайындаған оқытушы Х.А. Х.А. Сайтмуратов

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 10 беттің 3 беті

Мазмұны

1. Түсіндірме жазба
2. Пәнді оқытудың жоспарлы нәтижелері
3. Пәннің мазмұны және тақырыптық жоспары
4. Білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүзеге асыруға қойылатын талаптар
5. Жоспарланған білім беру нәтижесін бақылау
6. Ұсынылған әдебиеттер және оқыту құралдары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 10 беттің 4 беті	

1.Түсіндірме жазба

Осы жұмыс оқу бағдарламасы ҚРЖМББС мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД министрлігінің 29.07.2016ж. № 661 бұйрығына сәйкес бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес 0302000 - «Мейіргерлік ісі» мамандығы бойынша, 0302033 «Жалпы практика мейіргері» біліктілігіне әзірленді.

Емдік дене шынықтыру және медициналық бақылау, емдік денешынықтыру кешенін пайдалану сақтандыру, емдеу және қалыпқа келтіру әдісі ретінде ауруханалар, емханалар, шипажайлар, жүйесінде кеңінен қолданылады. ЕДШ-ын оташылдық, дәрі-дәрмекпен емдеу секілді негізгі әдістердің қосымша емдеу шаралары есебінде қарастыру керек, ол медициналық қалыпқа келтіру әдістерінің бірі болып табылады. ЕДШ-ның негізгі құралдары – тәжірибелік медицинада бұрыннан белгілі дене жаттығулары.

ЕДШ-ның негізгі құралдары - дене жаттығулары, олар гимнастикалық, спорттық-қолданбалы (жүру, жүгіру, жузу, есу, шаңғымен жүру және т.б.), қозғалыс және спорттық ойындарға бөлінеді. Сондай-ақ ЕДШ-да еңбек ету сипатындағы жаттығуларда пайдаланылады. Дене жаттығуларымен шұғылданғанда күн, ауа, су секілді табиғи факторларды пайдалану олардың тиімділігін арттырады және шынығуға жәрдемдеседі. - ЕДШ-ды қолданудың түрлері емдік гимнастика, таңертеңгілік гимнастика, мөлшерленген жүріс пен серуендеу, терренкур, қатал мөлшерленген түрдегі спорт жаттығуларымен шұғылдану, ойындар. Емдік гимнастика ЕДШ-ның негізгі түрі. Емдеу гимнастиканың жаттығулары сүйек бұлшық еттер және тыныс алу жүйесі үшін деп екі топқа бөлінеді. ЕДШ-да кинезотерапия деп аталатын судағы дене жаттығулары ерекше орын алады. Мөлшерленген серуендер, таза ауада жүру науқастың жүйке психикалық аясына ерекше жағымды әсер етеді.

Массаж - бұл қол және түрлі аппараттар арқылы адам денесіне механикалық әсер етіп, ауруларды емдеу және олардың алдын алу (профилактика) әдісі болып табылады.

Кейінгі кезде өскелең өмірдің талабына байланысты массаждың тәсілдері мен әдістері де толықтырылып келеді. Оның жаңа қолайлы түрлерін ойлап шығаруға ұмтылуда. Дегенмен қазақ тілінде шыққан туындылар жоқтың қасы. Ол қазақ елінде массаж болмады деген сөз емес, соны жеткізіп, халық арасына тарататын мамандардың жеткіліксіздігі. Мәселен, омыртқа тұтасып ауырғанда балалардың аяғымен нығарлап бастыру, немесе бір қолмен теріні тартып, екінші қолмен үзу, іскен жерді сипау, сынған сүйектерді қолмен сылап-сипай отырып орнына түсіру. Осының бәрі біздің елде массажды ғасырлар бойы емдік мақсатта шеберлікпен қолданғанның айғағы.

Массаждың осындай қарапайым түрлерінен адамдар жеңілдік алады: құрысқан жері жазылып, ауырған жері басылып, көңіл-күйі көтеріледі, сергиді.

Медицинаның дамуына байланысты соңғы жылдары барлық емдеу-профилактикалық орындарда массаждық бөлмелер ашыла бастады. Білікті мамандар да жыл өткен сайын көбеюде. Массаж халықтық медицинадан ресми түрде ғылыми медицинаға ауысты.

Массаж және ЕДШ әдістерін нәтижелі қалдану үшін адам тіндерімен ағзасына олардың тигізер әсерін, жарақаттың туындауымен аурудың ағымы мен патогенезін білу қажет.

Мейіргердің массаж және емдік шынықтыру саласын біліп игеруде, біліктілік және мәдениеттілік сапасы қажет.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 10 беттің 5 беті

ЕДШ мен массаждың негізгі мақсаты – адам денсаулығын сақтау мен жақсарту үшін механикалық факторларды қолданып, біртіндеп дәрілерді қолданудан арылу, дені сау адам мен науқастарға оның денсаулығының болашағын айқындату.

2. Пәннің мақсаты: білім алушыларды дені сау адамдар мен науқастарға дене шынықтыру шараларының тигізетін әсерінің механизмін білу негізінде, осы әдістерді қалпына келтіру емінің барлық кезеңдерінде қолдану; сонымен қатар, спортпен және дене шынықтырумен шұғылданған кезде денсаулық жағдайына медициналық бақылау жүргізу.

3 Пәннің міндеттері:

- емдік физикалық фаісторлардың дені сау адамдар мен науқастардың организміне тигізетін клиника-физиологиялық әсерін зерттеу;
- емдік дене шынықтыру негізін меңгеру;
- медициналық бақылаудың дағдыларын меңгеру;
- әртүрлі аурулар мен жарақаттар кезінде науқастарды медициналық оңалтуда емдік дене шынықтыру әдістемелерін меңгеру.

Студент білу керек:

- фельдшерлер оқытушының көмегімен емдік дене шынықтырудың кешенін құруды;
- әртүрлі аурулар мен жарақаттар кезінде науқастарға ЕДШ сабақтарын өткізуді үйреніп алуы керек.
- Қоғамда адамдар арасындағы қатынасты реттеуде адамгершілік ережелерін, диалектикалық дамудың негізгі заңдары мен заңдылықтарын, практикалық қызметте қолданыстағы заңдарды қолдана білуде;
- Саяси жүйе және саяси тәртіп, саясатқа де-ген адамдардың көзқарасы жайлы түсінігі болу-да;
- Экономика негізі жайлы жалпы ережені, экономика негіздерін білуде, елдегі және шетелдегі экономикалық жағдайларды меңгере білуде;
- Қазіргі компьютерлік технологиялар жайлы түсінігі болуда және оларды қазіргі медицина-нада қолдана білуде, кәсіптік қызметте қазіргі ақпараттық технологияларды қолдана білуде;
- Рецепт жазуда, грек-латын терминдерінің мағынасын түсіндіре білуде, дәрілік заттардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтарын білуде;
- Тіршіліктің пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылықтарын, қалыпты және пато-логиялық жағдайларда адам организміндегі тіндер жасушала-рының, ағзалар мен жүйелердің құрылымы мен қызметін білуде;
- Тұқым қуалайтын аурулардың түрлерін және айқындау әдістерін меңгеруде және клиникалық пәндерді оқу кезінде алған білімдерін қолдана білуде;
- Себептердің, жағдайлардың және организм-нің жауап қайтару қасиетінің аурудың пайда

Студент істей алуы керек:

- емдік дене шынықтыруды әр-түрлі ауруларда қолдану көрсе-тімдері мен қарсы көрсетімдерін;
- физикалық факторлардың ем-дік қасиетін, оларды медици-налық практикада қолдануды;
- дене жаттығуларының адам организміне тиігізетін әсерлерін білуі тиіс.
- алған білімдерін кәсіптік қыз-метте қолдана білуді;
- емдік дене шынықтырумен шұ-ғылданатындарға бақылау өткі-зуді;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 10 беттің 6 беті

- бақылаудың нәтижелерін бағалай білуді;
- емдік жаттығулар кешенін құра білуді;
- әртүрлі аурулар мен жаракаттар кезінде науқастармен, сонымен қатар білім алушылар тобымен жаттығу өткізуді;
- адамның дене бітімінің дамуын бағалауды және оны зерттеуді үйреніп алуы қажет.
- Жасқа байланысты адам физиологиясын білуде және оларды арнайы пәндерді оқу кезінде қолдана білуде;
- Патологиялық реакциялардың сипатын анықтай білуде, микропрепараттар бойынша әртүрлі патологиялық үрдістерді микроскопиялау техникасын игере және оларды жіктей білуде;
- Микробтардың, вирустардың табиғатын, олардың инфекциялық үрдістердің дамуындағы, медициналық ұйымдардың құрылымдық бөлімдеріндегі науқастар мен медицина қыметкерлерін инфекциялық бақылауда және олардың инфекциялық қауіпсіздігін білуде;

Студент дағдыларды игеруі керек:

- Науқастарға мейірбикелік күтім жасауды ұйымдастыруда және оларды бақылауда, емшараларды және медициналық іс-әрекеттерді орындау техникасын меңгеруде;
- Ағзалар мен жүйелер қызметі бұзылыстарының негізгі симптомдары мен синдромдарын білуде, науқастарды зертханалық, функциональдық және аспаптық тексеру әдістеріне дайындау әдістемелерін игеруде;
- Ересектер мен балаларға дәрігерге дейінгі және білікті медициналық шұғыл көмек керсетуде;
- Әртүрлі зақымданулар кезінде алғашқы медициналық жәрдем көрсету тәсілдерін, хирургиялық науқастарға күтім жасау әдістерін, жүрек-екпе реанимациясы әдістемелерін меңгере білуде;
- Барлық жас кезеңдерінде кездесетін аурулар дамуында және қауіпті жағдайларда карқынды терапия мен реанимацияның қазіргі әдістемелерін игеруде және МҰ ауруханаларында науқастарға қапшына келтіру емін және оңалту шараларын ұйымдастра білуде;
- Емдік жаттығуларды өткізуде, массаж тәсілдерін меңгеруде, психотерапия элементтерін қолдана білуде күзырлы болуы қажет.
- **2. Пәнді оқытудың жоспарланған нәтижелері**

Білім бағдарламасында және стандартта оқытудың жоспарланған нәтижелері.	Үлгілік оқу бағдарламасында жоспарланған нәтижелер
<p>БК 1.Оқу БҚ 1.1.Өз-өзін дамыту: ұзақ мерзімді жоспарлау машықтары игерген, кәсіпке және өзінің әлеуметтік міндеттеріне тұрақты, оң көзқарас қалыптасқан. БҚ 1.2. Ақпарат: ақпаратты жинайды және талдайды, білімін практикада қолданады. БҚ 1.3. Компьютерлік технология: жұмысында және өзін дамыту барысында қазіргі ақпараттық білім алу</p>	<p>Пәнді оқып білудің нәтижесінде білім алушылар: -психиатриялық аурулардың пайда болу себептерін түсіндіру; - психикалық статусты зерттеу әдістерін анықтау; - шизофренияның түрлерін және ағымын түсіндіру;</p>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 10 беттің 7 беті

<p>технологияларын қолданады.</p> <p>БК-2. Этика</p> <p>БК-2.1. Қоғамдық өнер: қоғамдық өмірге белсенді катысады.</p> <p>БК-2.2. Этикалық кағидаттар: кәсіптік этикалық кундылықтарды дәріптейтінін, әлеуметтік-мәдени диалогке дайындығын көрсетеді .</p> <p>БК-2.3. Эстетика: жұмыс ортасының эстетикасын сақтайды және бағалайды.</p> <p>БК-3. Коммуникациялар және командада жұмыс жасау</p> <p>БК-3.1. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адаммен тиімді қарым-қатынас жасай алатынын көрсетеді</p> <p>БК-3.2. Командада жұмыс жасау: әртүрлі командада жұмыс жасай отырып, жауапкершілікпен көрсетеді</p> <p>Кәсіптік қузыреттер:</p> <p>КК-1. Денсаулықты нығайту</p> <p>КК-1.1.Саламатты өмір салты: индивидумдарда, отбасында және хальж топтарында саламатты ем ір салтын құруға бағытталған қызметті атқарады</p> <p>КК-1.2. Бакылау: пациенттерді және турлі кауіп-катер топтарындағы адамдарды тиімді бакылауды жузеге асырады.</p> <p>КК-1.3.Консультация беру: денсаулықты сақтау және нығайту бойынша пациентке және оның отбасына консультация беру дағдыларын игерген.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - шизофренияның клиникалық белгілерін суреттеу, - интеллектуалды даму дәрежесі бойынша ақыл-есінің кемістігінің бөлінуін есте сақтау; -инволюциялық психоздарда психиканың өзгерістерін анықтай білу; - заңды түрде наркотикалық заттарға жататын дәрілік немесе дәрілік емес препаратты қолдану әсерінен психикалық бұзылыстардың пайда болатыны туралы түсіндіру; - психикалық және физикалық тәуелділікті және толеранттылықты анықтау; - шизофренияға саралау диагнозын жүргізу - аффективті бұзылыстар жағыдайында наукастарға күтім жасай алуды іске асыру; - ақыл-есінің кемістігімен сырқаттанатын наукастарға оңалту шараларын жүргізу; - дәрігерге дейінгі психиатриялық көмек көрсету; - емдеу жоспарын құрастыру; - алкоголизм және алкогольдік психозға, наркоманияға, токсикоманияға диагностика жүргізу; - психиатриялық наукастарға бақылау жүргізуді іске асыру;
--	--

- **Пререквизиттер:** латын тілі, қалыпты анатомия, қалыпты физиология, патологиялық анатомия, патологиялық физиология, психология негіздері және қатынас дағдылары, неврологиядағы мейіргерлік іс, фармакология негіздері, мейіргерлік іс негіздері, терапиядағы мейіргерлік іс, эпидемиология және жұқпалы ауруларындағы мейіргерлік іс, медициналық психология.

3 Пәннің тақырыптық жоспары мен мазмұны

3.1 Пәннің тақырыптық жоспары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 10 беттің 8 беті

№	Тақырыптардың атауы	Сағат саны	оның ішінде	
			теориялық сабақ	тәжірибелік сабақ
1	Емдік дене шынықтырудың жалпы негіздері. Емдік дене шынықтыру бөлмесін ұйымдастыру.	6	2	4
2	Жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары бар науқастарды оңалтудағы емдік дене шынықтыру	6	2	4
3	Тыныс алу, асқорыту, зат алмасу бұзылуы кезіндегі емдік дене шынықтыру.	6	2	4
4	Неврологиялық клиникадағы, травматологиядағы, ортопедиядағы және хирургиядағы емдік дене шынықтыру.	5	1	4
5	Жүктілік кезіндегі және босанудан кейінгі емдік дене шынықтыру.	5	1	4
6	Гинекологиялық аурулар кезіндегі емдік дене шынықтыру.	4		4
	Барлығы:	32	8	24

3.2 Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

1 тақырып Емдік дене шынықтырудың жалпы негіздері. Емдік дене шынықтыру бөлмесін ұйымдастыру. Кіріспе. Емдік дене шынықтырудың жалпы негіздері. ЕДШ бөлмесін ұйымдастыру

Медициналық оңалту жүйесінде «Емдік дене шынықтырудың» алатын орны. ЕДШ тарихы туралы қысқаша мәлімет. ЕДШ ауруларды кешенді емдеудегі рөлі мен маңызы. Қимыл-қозғалыстың емдік эсері. Қимыл-қозғалыс жүйесінің физиологиясы, биомеханикасы. ЕДШ құралдары, түрлері және әдістері. Қимыл-қозғалыс режимі. ЕДШ көрсетімдері мен қарсы көрсетімдері. ЕДШ бөлмесін ұйымдастыру. Сабақты өткізу орындарын ұйымдастыру (палата, ЕДШ залы, алаң). Құрал-жабдықтар мен мүліктерді көрсету және оларды тағайындау. Киімге, аяқ киімге қойылатын гигиеналық талаптар. Емдік жаттығу сабақтарының әдістемелерімен танысу. Білім алушылардың өздігінен таңертеңгілік жаттығу кешенін құрастыруы. Медициналық тексерулердің мазмұны, мақсаты және әдістемесі. Денсаулықтың жағдайын анықтау. Физикалық дамуды бағалаудың негізгі әдістері (антропометрия, соматоскопия, соматометрия). Буындардағы қимылдың келемін өлшеу (гониометрия). Бұлшықеттің тонусын және күшін бағалау (миотонометрия). Организмнің функциональдық жағдайын бағалау.

Практикалық сабақ: Науқастың физикалық дамуына зерттеу жүргізу. Пульс, қан қысымы. Негізгі антропометриялық өлшемдерді, функциональдық сынақтарды жүргізу. Алынған нәтижелерді талқылау. Дене шынықтырушы картасын толтыру (Ф-61/0).

2тақырып Жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары бар науқастарды оңалтудағы емдік дене шынықтыру Жүрек-қантамыр жүйесінің ауруларымен сырқаттанатын науқастарды оңалтудағы емдік дене шынықтыру Ишемиялық ауру, гипертония, жүрек функциясының жеткіліксіздігі кезіндегі ЕДШ әдістемесінің ерекшеліктері. Миокард инфарктісімен сырқаттанатын науқасты оңал-ту. Емдік жаттығуларды тағайындау мерзімі. Көрсетімдері

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 10 беттің 9 беті	

мен қарсы көрсетімдері. Емдік жаттығулар тағайындалған науқастарды талдау. Науқасты белсендіру кезеңінде бақылау нәтижелерін бағалау. Тыныс алу жүйесінің аурулары кезіндегі ЕДШ Тыныс алу жаттығулары (статикалық, динамикалық, арнайы). Тыныс алудың түрлері. Бронхит, пневмония, плеврит, демікпе, бронхоэктаздық аурулар кезіндегі емдік жаттығулар. Емдік жаттығулар көрсетімдері мен қарсы көрсетімдері.

ЕДШ тағайындаған тыныс алу ағзаларының ауруларымен сырқаттанатын науқастарды талдау.

3 тақырып Асқорыту ағзаларының аурулары кезіндегі ЕДШ Денеге түсетін ауыртпалық күштің асқазан-ішек жолдары ағзаларының қызметіне тигізетін әсері. Гастрит, асқазан мен ұлтабардың ойықжарасы және холицистит кезіндегі ЕДШ ерекшеліктері. Емдік дене шынықтыру көрсетімдері мен қарсы көрсетімдері. ЕДШ тағайындаған асқорыту ағзаларының ауруларымен сырқаттанатын науқастарды талдау. Зат алмасудың бұзылуы кезіндегі ЕДШ Зат алмасу бұзылуы кезінде емдік дене шынықтыру әдістерінің тигізетін әсері: семіздік, қантты диабет. Семіздік кезінде қолданатын дене жаттығуларының ерекшеліктері. Қантты диабеттің ауырлығының әртүрлі кезеңінде қолданылатын емдік дене шынықтыру әдістері. Емдік дене шынықтыру көрсетімдері мен қарсы көрсетімдері. ЕДШ тағайындалған науқастарды талдау.

4 тақырып Неврологиялық клиникадағы ЕДШ Нерв жүйесінің әртүрлі патологиялары кезінде емдік дене шынықтыруды қолданудың, физиологиялық негіздері. Ми қанайналымының жіті бұзылыстары кезіндегі емдік дене шынықтыру. Инсультпен алдын сырқаттанған науқастарды емдеу, оларға массаж жасау, қимыл-қозғалыс жаттығуларын тағайындау. ЕДШ тағайындау көрсетімдері. Емдік дене шынықтыру тағайындалған науқастарды талдау. Науқасты белсендіру кезеңіндегі бақылау нәтижелерін бағалау. Травматологиядағы, ортопедиядағы және хирургиядағы ЕДШ

Тірек-қимыл аппаратының аурулары мен жарақаттары кезінде емдік дене шынықтыруды қолдануды негіздеу. Сүйегі сынған, буындары зақымданған науқастарға емдік жаттығуларды қолдану. Буындар қозғалысын жақсартуға арналған жаттығулар. Мүсіннің өзгеруі мен омыртқа деформациялары кезінде қолданатын ЕДШ. Омыртқа остеохондрозы кезінде қолданылатын ЕДШ. Операциядан кейінгі кезеңде және реанимация бөлімінің жағдайларында қолданылатын емдік дене шынықтырудың міндеттері мен әдістемелері. Емдік жаттығулар тағайындалған науқастарды талдау.

5 тақырып Жүктілік және босанудан кейінгі кезеңдердегі ЕДШ. Гинекологиялық аурулар кезіндегі ЕДШ Жүктіліктің уақытына байланысты емдік денешынықтыруды жүргізу ерекшеліктері. Жүктілік кезінде дене жаттығуларын қолданудың қарсы көрсетімдері. Кесар операциясынан кейін қолданылатын емдік жаттығулар. Әйел жыныс жүйесінің қабыну аурулары, жатырдың дұрыс орналаспауы және етеккірдің бұзылуы кезінде қолданылатын емдік дене шынықтыру. Практикалық сабақ: Емдік жаттығулар тағайындалған науқастарды талдау.

Практикалық сабақ кәсіптік құзыреттілік аймағының көлемінде манипуляцияларды меңгеру үшін клиникалық базаларда жүргізіледі.

5. Жоспарланған білім беру нәтижесін бақылау

Ағымдық бақылау: жазбаша тестілеу, жазбаша/ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды бағалау.

Қорытынды бақылау: диф сынақ тест саны (128)

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 10 бетің 10 беті	

Бағдарламалық материалдың мазмұнын студенттердің игеру деңгейін тексеру үшін заманауи тәсілдері мен бақылау әдістері қолданылады. Бақылау түрлерін жүргізуге таңдау құқығы қарастырылған.

6 Әдебиеттер мен қосымша оқу құралдары

6.1 Негізгі әдебиеттер:

1. Лечебная физкультура и массаж: учебное пособие.- 2-е изд. Епифанов В.А. -М., ГЭОТАР-Медиа, 2008. - 528 с.
2. Лечебный массаж. Дубровский В.И. - М., 2008.
3. Әшірбаев, О. Ә. Дене тәрбиесінен арнаулы медициналық топтарда дәріс жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар : әдістемелік нұсқау. - Шымкент : ЮКГФА, 2010. – 2 экз.
4. Макдональд, Г. Массаж, умиряющий боль : монография . - М. : Центрополиграф, 2009. – 1 экз.
5. Клебанович, М. Классический лечебный массаж : самоучитель (+DVD с видеокурсом) . - СПб. : Питер , 2008. +эл. опт. диск (CD-ROM) .- 1 экз.
6. Лукомский И. В. Физиотерапия. Лечебная физкультура. Массаж: учеб. для средн. спец. образов.- 2-е изд., испр. - Минск, 2008.-2 экз.
7. Носков С. М. Ревматология. Актуальная терапия: учеб.-прктич. пособие.- Ростов н/Д : Феникс, 2007.- 1 экз.
8. Педролетти М. Основы плавания. Обучение и путь к совершенству: пер. с фр. - Ростов н/Д., 2006. – 1 экз.
9. Сальников А. Н. Физическая культура: конспект лекций. - М., 2006.-1 экз.

6.2 Қосымша әдебиеттер:

1. Восстановительная медицина: учебник. Епифанов В.А. - М., ГЭОТАР-Медиа, 2010.- 300 с
2. Основы реабилитологии: учебное пособие. Ибатов А.Д., Пушкина СВ. - М., 2007. -160 с.
3. Основы реабилитации. Козлов С.А. - для медицинских колледжей «Феникс» -2005.
4. Абдухалыков, А. М. Емдік дене тәрбиесі негіздерінің ішкі ауруларда қолданылуы оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 168 б.-85 экз.
5. Епифанов, В. А. Лечебная физическая культура учебное пособие ". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 568 с.-25 экз.
6. Абдухалықов, А. М. Емдік дене тәрбиесі негіздері мен ішкі ауруларда қолданылуы: оқу құралы - Алматы : Эверо, 2013. - 168 бет-50экз
7. Бөлешов, М. Ә. Дене тәрбиесі мен спорт медицинасы : оқу құралы . - Алматы : Эверо, 2011. - 100 экз.
8. Еремушкин, М. А. Медицинский массаж. Теория и практика : учеб. пособие . - СПб. , 2009. — 1 экз.

6.3 Оқу құралдары:

1. Дидактикалық және көрнекі құралдар;
2. Қағаз және электронды нұсқаддағы тестілер;
3. Қағаз және электронды нұсқадағы оқу - әдістемелік құралдар;
4. Диапозитивтер, оқулық фильмдер;
5. Тақырыптық плакаттардың жиынтығы.

Оқытушының қолы

